



Жас Алаш
Республикалық газеті

100 жыл бұрын және бүгін

Тарихи маңызы зор осынау айтулы оқиғаны тағы бір мәрте сараптау мақсатында біз төмендегідей сауалдарға ой жүгірткенді жөн көрдік.

1. Еліміздегі ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығын атап өту шараларына көңіліңіз тола ма? (тарихты қайта саралау, оқыту, ақтаңдақтарды ашу, бабалар ерлігін үлгі тұту, отаншылдыққа баулу, әдебиетте, өнерде, кинода, телеарнада насихаттау, т.б.)

2. Ғасырлар бойғы отаршылдықтан қалған құлдық сана-сезімнен арылдық па? Арылмасақ, одан толық тазару үшін не істеу керек?

3. Ресей мен Қазақстанның бұдан 100 жыл бұрынғы және бүгінгі ара қатынасы туралы не айтар едіңіз?

Тарихшы-ғалым Мәмбет Қойгелді мен жазушы Тұрсын Жұртбайдың және саясаттанушы Айдос Сарымның бұл орайдағы жауаптарын оқи аласыздар.

1. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі бүкіл қазақтың тағдырын шешіп берген, ұлт санасын дүр сілкінтіп оған алғаш қозғау салған ұлы күш, үлкен тарихи оқиға. Әр ұлттың тарихында өзіне ұнамды, елеулі, қадірлі оқиғалары болады. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы біз үшін ең қасиетті, ең асыл, ең мерейлі оқиға. Жоңғар шапқыншылығынан кейінгі қазақтың бір мақсатта, бір тілекте, бір ұранмен атқа қонған бірлігін көрген ірі көтеріліс. Сол кезеңдегі асқақ рух, мығым күш күні бүгінге дейін қуат беріп келеді. Қазақ халқы осы мерейтойды ұлттық тәу ету, тағзым ету деңгейіне көтеруі керек еді. Халықтық, мемлекеттік сипаттағы іс-шаралар атқарылуы тиіс еді. Өкінішке қарай, біз ондай деңгейге жете алмадық. Мына қырғыз ағайындар құрлы бола алмадық. Олар “Үркін” деген саяси қозғалыс құрып, соның аясында біраз шаруа тындырды. Ал біздің мемлекеттік БАҚ тиіп-қашып сөз етеді. Қоғамда ұлт-азаттық деген сөз үрейлі, қылмыс сияқты естіледі. Осыған менің қарным ашады. Мұның өзі мемлекеттік идеологияның ең төмен деңгейде екенінен хабар береді. Мен Ұлттық ғылым академиясымен бірлесіп “Ант мезгілі” деген төрт томдық жинақ құрастырдым. Өлі күнге дейін мемлекеттен қолдау тапқан жоқ, жарыққа шығарылмай отыр. Маусым жарлығы шыққан 25 маусымды атаусыз қалдырдық. Ұлт өміріндегі ұлы оқиға ар-намысымыз аяқасты етілді.

2. Ұлттың бойына сіңіп кеткен басыбайлы психологиядан толық арылмайынша, бізге азат рух туралы әңгіме айту ауырлау. Меніңше, қазір осы басыбайлы психологияны қайта тереңдету үшін жұмыстар жүргізіліп жатқан сынайлы. Себебі, біз Тәуелсіз елміз дегенімізбен, саясатта, экономикада тәуелсізбіз деп айта алмаймыз. Жердің астындағы байлық та, жердің үстіндегі қазына да өзге елдің алпауыттарының қолында. Сондықтан алдымен құлдық салт-санадан, психологиядан құтылмайынша, біз осылай қорқып, бүгіп өмір сүре береміз.

3. Бұрын заңды түрде басыбайлы ел едік. Бүгін заңнан тыс басыбайлы елміз.

Тұрсын Жұртбай, әдебиетші-ғалым, жазушы